# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 және 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 3 сәуірдегі N 466

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына қосымшаға :

"Реформаларды заңдық қамтамасыз ету" деген VII бөлімдегі реттік нөмірі 112-жолдардағы:

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" деген жолдың 4-бағанындағы "1997 жылғы ақпан" деген сөздер "1997 жылғы маусым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлері туралы" деген жолдың 4-бағанындағы "1997 жылғы ақпан" деген сөздер "1997 жылғы тамыз" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарындағы:

реттік нөмірі 11, 24, 25-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 45а, 50а және 54а мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "45а Кеден органдары туралы | Мемкеденком, Әділетмині Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі | сәуір | мамыр | маусым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 50а | "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Ішкіісмині, Бас прокуратура (келісім бойынша), Әділетмині Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі | мамыр | маусым | тамыз |
| 54а | "Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Ішкіісмині, Әділетмині Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі | шілде | тамыз | қыркүйек |

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК